

С.Сейфуллиннің 125 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары – 15: Жастар, ғылым, технологиялар: жаңа идеялар мен перспективалар» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Международной научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 15: Молодежь, наука, технологии – новые идеи и перспективы», приуроченной к 125-летию С.Сейфуллина. -2019. - Т.II, Ч 1 - Б.218-219

## **АӨК ЦИФРЛАНДЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

*Курманов Б.*

Агроөнеркәсіптік жүргізуде экономикалық тетіктерінің тиімділігін жетілдіру қажеттілігі бүгінгі кезеңдегі даусыз, өте керекті қозғаушы күштердің бірі болып отыр. Өндірістің негізгі саласының бірі азық-түлік мәселесін шешетін, Агроөнеркәсіптік өнімдерін өндіретін өндірістің өсімі әліде болса төмен жағдайда. Қалыптасқан жағдайды талдай отырып экономиканың ауылшаруашылығындағы шешілмей жатқан мәселелерді қарастырып, Агроөнеркәсіптік өндірісін ынталандыратын іс-шараларды жүзеге асыру қазіргі кезеңдегі маңызды мәселердің бірі [1].

Әлемдік экономикаға ықпалдасу біздің еліміз үшін маңызы зор өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Дүниежүзілік сауда ұйымына кіру біз үшін - әлемдік бәсекелеске қатысу, бұл жерде ең бірішші тұтынушылардың мүддесі сақталынады – сатылатын зат неғұрлым сапалы, бағасы тиімді болса, соғұрлым өтімді болады.

Нарықтық қатынастарға өту нақты алғанда экономиканың әлдеқайда жаңа сапалық күйіне көшуді білдіреді. Мұның өзі тұтастай бірқатар объективті факторлардан көрінеді.

Нарықтық экономиканың тиімді жұмыс істеуінің, негізгі шарты нарықтық іс басындағы субъектілердің толық өзін-өзі басқаруы мен олардың экономикалық жауапкершілігіне негізделетін тәуелсіздігі болып табылады.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 26-бабының төртінші тармағында жазылғандай: „Әркімнің кәсіпкерлік қызмет еркіндігіне, өз мүлкін кез келген заңды кәсіпкерлік қызмет үшін еркін пайдалануға құқығы бар“.

Кез-келген шаруашылық жүргізу нысаны немесе меншік нысаны өздігінен өндірістің дамуына, өрістеуіне, өнім сапасын, тиімділігін арттыруына, жұмыскерлердің әл-ауқаты жақсарту мәселелерін шешіп бере алмауда. Бір мезгілде өндірістік қатынастар, экономикалық ынталандыру мен тұтқалар жетіліп отырмаса, қомақты күрделі қаржылар да агроөнеркәсіптікпен нәтиже бермеуі мүмкін. Осыған орай, ғылыми негізделген жалпы шаруашылық жүргізу тетіктерін, және атап айтқанда, ұжымдық кәсіпорындарының шаруашылық тетіктерін де, жетілдіру аса маңызды мәселе болып табылады. Өндірістің әрбір тәсіліне, кәсіпорынның әрбір ұйымдық-құқықтық нысанына өзіндік ерекшелігі бар шаруашылық жүргізу тетіктері сай келуі тиіс. Осыны ескере отырып, шаруашылық жүргізу

тетіктерінің нақты мазмұны мен оның негізгі элементтері күрделі түрде өндірістің сол кезеңдегі өсу дәуіріне лайықты өзгеріске ұшырауы керек [2].

Қалыптасып қалған шаруашылық жүргізудің моделі, ең алдымен, негізгі өндірістік буын болып саналатын Агроөнеркәсіптік кәсіпорындарын жетілдіруді қажет етеді. Бұлай болудың себебі, қазіргі кезде Агроөнеркәсіптік өнімнің өндірісі (өткізу, өңдеу) саласында шаруашылық жүргізу тетіктерін жетілдіру өте ерекше өзекті және маңызды мәселеге айналууда.

Елде агроөнеркәсіп кешенін дамыту – аграрлық саясаттың маңызды бағыты. Мемлекет басшысы халыққа арнаған Жолдауында ауыл шаруашылығы саласын жаңа экономиканың драйверіне айналдыруға баса маңыз берілді. Осы тұста, Президент пәрменіне сай, елімізде Агроөнеркәсіп кешенін дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын жүзеге аса бастады. Бұл бағытта Ауылшаруашылығы министрлігі тарапынан Агроөнеркәсіп кешенін дамыту Карталар жасалды. Ол бойынша саланы 13 бағытта жетілдіру көзделуде. Соның бірі, саланы цифрландыру. Шалғайдағы шаруа қожалық иелеріне қолжетімді электрондық құжат рәсімдеуге жағдай жасау болатын.

«Қазіргі таңда еліміздегі ең ірі екі ЖОО цифрландыру жүйесіне байланысты арнайы мамандарды дайындауды қолға алды. Онымен қоса әлемдегі ең озық технологияларды мысалы Канада мен Түркиядағы фермерлердің тәжірибелерін жергілікті фермерлерге там тұмдап жеткізіп жатырмыз. Бірақ бұл тым аз. Бізге Е-агроном, Е-ветеринар, Е-Селекция, AgroUber сияқты жобаларды қолға алу керек. Мемлекеттік субсидиялауды автоматтандыру сервистік қызметі де ауылшаруашылығы саласына ауадай қажет».

АӨК-ті цифрландыру агроөнеркәсіп саласының серпінді дамуының кепілі болып табылады, ол Мемлекет басшысының жыл сайынғы Жолдауында көрсетілген агроөнеркәсіптік кешендегі еңбек өнімділігін арттыру және ауылшаруашылық өнімдерін экспорттаудың көлемін кемінде 2,5 есе арттыру жөніндегі міндеттеріне қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, қазіргі кезде аграрлық саланың алдында тұрған шешілуге тиісті маңызды міндеттерді қарастыру – осы саланың ерекшелігін, яғни халық шаруашылығының басқа салаларна қарағанда аграрлық салада, нарықтық экономикаға өтудің күрделі де қайшылықты екендігін мойындаудан басталады. Оның ең басты себептеріне аграрлық өндірістің нақты қоғамдастырылуының барынша төмен дәрежесін, ұдайы өндірістің табиғи, экономикалық және әлеуметтік жағдайларға ерекше тәуелділігін, территориялық шоғырлануымен шаруашылық жүргізудің аймақтық факторларының әртүрлілігін айтуға болады [3].

Сонымен қатар, Қазақстанның аграрлық секторының нарықтық қатынастарға өтуі барлық салалардың түбегейлі түрде қайта құрылуын талап етеді. Халық шаруашылығының барлық сферасында нарықтық бағдарламалардың жүзеге асырылуының мүмкіндіктері өз кезегінде реформалардың нәтижесіне, яғни агроөнеркәсіптік кешеннің (АӨК) аралас

салаларының және ауыл шаруашылығының ахуалына байланысты. Осылайша, радикалды аграрлық реформа өзінің мақсатты бағыттары және мазмұны, сондай-ақ ұйымдық-құқықтық механизмі және күтілген нәтижесі бойынша біздің еліміздің барлық экономикалық жүйесінің қайта құрылуының органикалық құрамды бөлігі болып табылады.

### **Әдебиеттер тізімі**

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, «Жаңа онжылдық - жаңа экономикалық өрлеу - Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері», Астана 2010 ж., қаңтар.

2. Ауыл шаруашылығы өндірісіне техникалық қызмет көрсету жөніндегі инфрақұрылымды ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 10 ақпанындағы №134 қаулысымен бекітілген.

3. Әлібекова А.Б., Әлібекова Н.Б. Аграрлық реформа және кооперация мен интеграцияның объективті қажеттілігінің пайда болуы. АльПари, №1,2010

*Ғылыми жетекшісі: Қарсыбаева Қ.А.,  
Аға оқытушы*